

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік
корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының
Көкшетау қалалық Тіркеу және жер кадастры бөлімі
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 19 ж. « 23 » қыркүйек
БСН 53124000011
№ 442-1902-01-НАО-АҚ
Бастапқы тіркелген күні
20__ ж. «__»__

«Қазақстан инжиниринг
(Kazakhstan Engineering)»
Ұлттық компаниясы» Акционерлік
қоғамының
Директорлар кеңесінің
Барлық дауыс беруші акцияларына
иеленуші акционерінің шешімімен
2019 жылдың «23» қыркүйек
(№ 3 хаттама)
«БЕКІТІЛГЕН»



**«ТЫНЫС»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Көкшетау қаласы, 2019 жыл

**КЕЛЕСІ ЖАҒЫН ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ**

1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 бап. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік Қоғамдар туралы» (әрі қарай - Заң) заңына, және өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтар актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Жарғы «Тыныс» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) заңды тұлға ретінде құқықтық мәртебесін айқындайтын құрылтай құжаты болып табылады.

3. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы. Мүдделі тұлғаның талап етуі бойынша Қоғам оған одан кейінгі өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, осы Жарғымен танысуға мүмкіндік беруге міндетті. Қоғам 3 (үш) жұмыс күні ішінде акционердің оған осы Жарғының көшірмесін беру туралы талабын орындауға міндетті.

2 бап. Қоғамның мәртебесі

4. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады. Меншік нысаны-жеке.

5. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құны шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады.

6. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы көрсетілген мөрі болады.

Қоғамның фирмалық атауы, тауар белгісі бар. Қоғамның сондай-ақ корпоративтік логотипі, жалауы және дараландырудың басқа да құралдары, белгіленген тәртіпте бекітілетін және тіркелетін үлгілер болуы мүмкін.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

8. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қоғам өзі орналасқан жерден тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы ереженің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3 бап. Қоғамның атауы және орналасқан жері

9. . Қоғамның толық және қысқартылған атауы:

1) Қоғамның мемлекеттік тілдегі толық және қысқартылған атаулары;

- "Тыныс" Акционерлік қоғамы;

- "Тыныс" АҚ;

2) Қоғамның орыс тіліндегі толық және қысқартылған атаулары:

- Акционерное общество «Тыныс»;

- АО «Тыныс».

3) Қоғамның ағылшын тіліндегі толық және қысқартылған атаулары:

14

- Joint Stock Company «Тунys»;

- JSC «Тунys»;

10. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ыбырай Алтынсарин к-сі,13

4 бап. Құрылтайшы және Қоғамның барлық дауыс беруші акцияларына иеленуші акционер

11. Қоғамның барлық дауыс беруші акцияларына иеленуші акционер - «Қазақстан инжиниринг (Kazakhstan Engineering)» Ұлттық компания» акционерлік қоғамы.

5 бап. Қоғам қызметінің мақсаты, негізі бағыттары және қызмет түрлері

12. Қоғам қызметінің мақсаты дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде таза табыс алу болып табылады.

13. Қоғам қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

- 1) авиациялық техника бұйымдарын өндіру жөніндегі шарттық жұмыстарды орындау;
- 2) бұйымдарды әзірлеу және сериялық дайындау;
- 3) аккредиттеу саласына сәйкес міндетті сертификаттауға жататын шығарылатын өнімді сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 4) аккредиттеу саласына сәйкес тапсырыс берушілердің өнімге сертификаттық сынақтар жүргізуі;
- 5) кәсіпорында өндіріс бейініне сәйкес бастапқы кәсіптік оқытуды жүргізу;
- 6) әскери-өнеркәсіп кешенінің, мұнай-газ, темір жол, энергетика, ауыл шаруашылығы және экономиканың өзге де салаларының мұқтаждары үшін машиналар мен жабдықтарды, сондай-ақ оларға қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы бөлшектерді өндіру және өткізу, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген салаларда жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету;
- 7) полиэтилен құбырларын өндіру;
- 8) өртке қарсы қорғау құралдарын өндіру және өткізу;
- 9) негізгі қызмет шеңберінде тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің экспорты, кері экспорты, импорты және кері импорты;
- 10) өндіріске қосылмаған негізгі құралдарды жалға беру;
- 11) қоғам негізгі қызмет шеңберінде шығаратын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіру және өткізу;
- 12) қатысушымен келісім бойынша Қоғам активтерін қайта құрылымдау бағдарламасы мен жоспары шеңберінде активтерді іске асыру;
- 13) өз қажеттіліктері үшін қоғамдық тамақтану қызметтерін ұсыну;
- 14) шарттық міндеттемелерді орындау үшін көлік қызметтерін көрсету;
- 15) монтаждауды, реттеуді, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу;

14

16) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шарттарын орындау үшін қызмет түрлерін жүзеге асыру;

17) құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау, өз қажеттіліктері үшін құрылыс материалдарын өндіру;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негізгі қызмет шеңберіндегі сыртқы экономикалық қызмет;

14. Тізбесі заң актілерінде айқындалатын жекелеген қызмет түрлерімен қоғам лицензия негізінде ғана айналыса алады.

15. Қоғам өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік әдептің жалпы қағидаларына (әдеттеріне), Жарғысына, өзінің шарттық міндеттемелеріне сәйкес атқарады.

2 ТАРАУ. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

6 бап. Қоғамның артықшылық берілген акцияларын иеленуші акционердің құқықтары

16. Артықшылықты акциялардың акционерлері – меншік иелерінің акционерлері-жай акциялардың меншік иелері алдында Қоғам акциялары эмиссиясының проспектісінде белгіленген алдын ала белгіленген кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне Заңда белгіленген тәртіппен басым құқығы бар.

17 Артықшылықты акция осы Жарғының 18-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

18. Артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді:

1) Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционер ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарайды. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеу үшін орналастырылған (сатып алынғандарды шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі;

2) барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционер ұйымдастырылмаған нарықта қоғаммен сатып алынатын артықшылықты акциялардың құнын анықтау әдістемелерін бекіту туралы мәселені Заңға сәйкес қарастырады;

3) барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционер қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарайды;

4) Заңмен қарастырылған жағдалардан басқа артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбеді.

7 бап. Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін акционердің құқықтары мен міндеттері

19 Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші Акционер:

1) Заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғамның орталық депозитарийсінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Директорлар кеңесін сайлауға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және қоғамға сауал түскен сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу арқылы жүзеге асырылады.

10) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

11) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;

12) жасалуда мүдделілік бар ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасау (жасалуға ұсыныс жасау) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алынған кірісті Қоғамға Қоғамның үлестес тұлғалармен және қызметтік тұлғалармен қайтару және Қоғамға Қоғамның қызметтік тұлғалармен келтірілген залалды өтеу туралы талаптармен Заңда қарастырылған жағдайларда өз атынан сот органына жүгінуге;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

Жарғының осы тармағында белгіленген барлық дауыс беретін акцияларға ие акционердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

20. Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші Акционер:

1) заңда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) он күн ішінде қоғамның орталық депозитарийін немесе осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыны қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;

3) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының Заңына және заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Қоғам, қоғамның орталық депозитарийі немесе номиналды акция ұстаушысы барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші Акционермен осы Жарғының осы тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

3 ТАРАУ. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ

8 бап. Қоғам органдарының тізбесі

21. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – барлық дауыс беретін акцияларға ие акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган-Бас директор (жеке-дара);
- 4) Заңдарға, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік актілерге және осы Жарғыға сәйкес басқа органдар.

9 бап. Барлық дауыс беретін акцияларға ие акционер.

22. Заңда және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осы шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарды шектелмейтін шартымен барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционер жеке-дара қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

23. Барлық дауыс беретін акцияларға ие акционердің шешімдері қоғаммен сақталуы және акционерлерге танысу үшін кез келген уақытта ұсынылуы тиіс. Акционерлердің талабы бойынша оларға барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционер шешімінің көшірмесі беріледі.

24. Барлық дауыс беретін акцияларға ие акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

11) Бас директорды тағайындау мен өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, оның өкілеттік мерзімін, қызметтік еңбекақы мөлшерін, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда өтемақы төлемдерін, еңбекақы төлеу тәртібін, сыйақы (сыйлықақы) және әлеуметтік қолдауды анықтау, сонымен қатар онымен еңбек қатынасын тоқтату туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

13) Қоғамның жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

14) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

15) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

16) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

17) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

18) Заңға сәйкес қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін және бекіту өзгерістерді бекіту;

19) "алтын акцияны" енгізу және жою»;

20) нәтижесінде құны акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның әкімшілік шығындарының бөлек түрлерін, соның ішінде қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуге және сыйлықақыларына кететін шығындарды, қызметтік іссапардың, өкілеттік шығындардың нормаларын, қызметтік автомобильдердің, әкімшілік аппаратты орналастыру аумақтарының, телефон байланысының ережелерінің нормативтерін анықтау;

22) қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін Жалғыз акционер/акционер бекітетін қоғамның ішкі құжаттарында көзделген шешімдерді қабылдау;

23) қоғамның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережелерін бекіту;

24) қоғамның саясатын, соның ішінде инвестициялық, дивидендтік саясатты т.б. бекіту;

25) шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға қатысты басқа да мәселелер;

25. Егер заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешімдер қабылдау қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне барлық

дауыс беретін акцияларды иеленуші акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді беруге жол берілмейді.

26. Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10 бап. Директорлар кеңесі

27. Директорлар кеңесі заңмен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің шешімімен сайланады және Директорлар кеңесі туралы ереженің негізінде әрекет етеді.

28. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) Қоғамның даму жоспарын бекіту және оған өзгертулер мен қосымшаларды енгізу және олардың іске асырылу мониторингі;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылмаған жағдайларды қоспағанда акцияларды орналастыру (өткізу), соның ішінде жарияланған акция шегінде орнатылған (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешімді қабылдау;
- 4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, оның ішінде қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жыл үшін дивиденд мөлшерінде өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі туралы ұсыныс шығару;
- 6) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Бас директорды тәртіптік жауапкершілікке тарту және жұмыстан шеттету, оның қызметінің кілттік көрсеткіштері мен олардың мақсаттық мәндерін бекіту, көтермелеу (сыйақы) туралы шешімдер қабылдау;
- 8) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, қоғамның ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау мөлшері мен шарттарын анықтау;
- 9) тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақы мөлшерін, сыйақылар мен әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау, сондай-ақ Қоғамның Корпоративтік хатшысының мақсаттар картасын бекіту.
- 10) директорлар кеңес комитетінің өкілеттік мерзімінің сандық құрамды анықтау, олардың басшылары мен мүшелерін тағайындау, олар туралы ережелер бекіту;
- 11) қаржы есептіліктің аудиты үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акция төлеміне берілген мүліктің нарықтық құнының бағасы бойынша

11

немесе ірі мәміленің мәні болатын бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;

12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, құжаттарды аукциондарды өткізудің және (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директормен қабылданатын құжаттардан басқа) Қоғамның бағалы қағаздарға қол қоюдың шарттары мен тәртібін орнататын ішкі құжатты бекіту;

13) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

14) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес пайызынан кем құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

15) осы Жарғының көзделген шектеулерді ескере отырып, басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын қоғамның сенімгерлік басқаруына сатып алу (иеліктен шығару), беру (алу) туралы шешім қабылдау;

16) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

18) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау

19) шешімі барлық дауыс беруші акцияларға ие акционермен қабылданатын ірі мәмілелерден басқа жасауда Қоғамның мүдделілігі бар ірі мәмілелер мен мәмілелер туралы шешімді қабылдау;

20) қоғамның ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есебін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

21) барлық дауыс беруші акцияларға ие акционермен орнатылған тәртіпте Қоғамның бюджетін бекіту (бизнес-жоспар 1 жылға);

22) Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын және қоғамның ұйымдық құрылымын бекіту;

23) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

24) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, барлық дауыс беруші акцияларға ие акционерге қосымшалар мен өзгерістер бойынша ұсыныстарды дайындау;

25) іскерлік әдеп кодексін бекіту және ережесін сақтауды қамтамасыз ету;

26) Директорлар кеңесімен бекітілетін ішкі құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау;

27) қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарын бекіту (Қоғамның ішкі құжаттарымен қоғамның басқа органдарының құзыретіне

16

5

жатқызылған мәселелерді қоспағанда), сондай-ақ оларды жетілдіру, тәуекелдерді басқару жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін талдау;

28) қоғамның ішкі бақылау жүйесін реттейтін құжаттарды бекіту, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесі бойынша есептерді қарау және бекіту;

29) өз құзыретіне сәйкес Қоғамның акцияларын иеленетін Жалғыз акционердің/акционердің қарауына қоғам енгізген мәселелерді алдын ала қарау және мақұлдау;

30) қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін акционерге беру үшін Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті дайындау және мақұлдау;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, барлық дауыс беруші акцияларға ие акционердің ерекше құзыретіне қатысты емес Қоғамның ішкі құжаттармен қарастырылған басқа мәселелер;

29. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Бас директорға шешім үшін берілмейді.

30. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Бас директордың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

11 бап. Директорлар кеңесінің құрамы

31. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) қоғамның осы Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

32. Директорлар кеңесінің мүшелері сайланады.:

1) акционерлер - жеке тұлғалардан;

2) ұсынылған (ұсыныс берілген) директорлар Кеңесіне акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалар (осы Жарғының 48-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып);

33. Қоғамның Бас директоры Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

34. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде 30% - ы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

35. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның ішкі құжаттармен және осы жарғымен белгіленеді.

12 бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

36. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлана алады.

16

37. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін акционер белгілейді.

38. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционердің шешімімен Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күннен бастап аяқталады.

39. Барлық дауыс беретін акцияларға ие Акционер директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі өкілеттігінің мерзімнен бұрын тоқтату туралы барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционердің шешімі шығарылған күннен тоқтатылады.

40. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

41. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігінің мерзімнен бұрын тоқтату күні берілмеген жағдайда Директорлар кеңесінің хабарламасын алу күннен бастап тоқтатылады.

42. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционердің шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

13 бап. Директорлар кеңесінің Төрағасы

43. Директорлар кеңесінің төрағасы барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционердің шешімімен сайланады.

44. Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады, оларға төрағалық етеді;
- 2) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 3) Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді;
- 4) Қоғамның атынан Қоғамның Бас директорымен, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен және директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен жеке еңбек шарттарын жасасады.

5) осы Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

45. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

14 бап. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

46. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе бас директордың бастамасы бойынша не талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметі;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 4) барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционер.

47. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

48. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Бас директорға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе бас директор шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

49. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде жеті күнтізбелік күн бұрын жіберілуі тиіс.

Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі төрағасының шешімі бойынша материалдарды басқа мерзімде жөнелтуге болады.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаларда отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі және оның мәселелері бойынша шешімдердің жобалары болуға тиіс.

Жасалуда мүдде бар ірі мәмілелер мен мәмілелер туралы шешімді қабылдау туралы мәселені қараған жағдайда мәміле туралы ақпаратта мәміле тараптары, мерзімі және орындалу шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі мен түрі, сонымен қатар бағалаушының есебі болу керек (Заңда қарастырылған жағдайда).

50. Директорлар Кеңесінің Мүшесі директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатысуының мүмкін еместігі туралы Бас директорды алдын ала хабардар етуге міндетті.

51. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

15 бап. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі

52. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін Кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және бейнеконференцияны (интерактивті), конференц-байланысты (Директорлар кеңесі мүшелерінің бір уақытта телефон арқылы сөйлесу), басқа байланыс құралдарымен қолдану жолмен отырыста қатысатын Директорлар кеңесінің мүшелерін есептеумен және Директорлар кеңесінің қатысуға келмеген мүшелерін есептеумен анықталады (жазбаша түрде берілген дауыстары болған жағдайда).

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционерге Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау өтінішімен жүгінуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері көрсетілген өтінішті барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін акционерге жіберу туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

14

53. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің

шешімдері, егер заңда өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

54. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

55. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

56. Директорлар кеңесі отырысты дауыс берудің күндізгі және сырттай түрімен өткізеді.

57. Директорлар кеңесінің төрағасымен, корпоративтік хатшымен қол қойылуға тиіс Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделеді, немесе Директорлар кеңесі отырысының хатшының қызметін атқаратын тұлғамен, оның болмаған жағдайда қол қойылған бюллетендерді тігу жолмен рәсімделеді.

Директорлар кеңесі сырттай отырысының шешімі орнатылған бюллетендер мерзімінде алынған кворумның болған жағдайда қабылданған болып есептеледі.

Шешімді рәсімдеу күнінен бастап жиырма күннің ішінде осы шешім қабылданған бюллетендердің көшірмесін қоса Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілу керек.

58. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен рәсімделеді, ол отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде жасалуға және оған отырысқа төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және оның мазмұнында болуға тиіс:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер;
- 6) дауыс беру нұсқаларының тиісті бағандарында Директорлар кеңесі мүшелерінің өз қолымен қойылған қолдарын қамтитын күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары "иә", "қарсы", "қалыс қалғандар»;
- 7) қабылданған шешімдер;
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

59. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және қоғам мөрінің бедерімен расталған хаттама мен шешімнің үзінділерін беруге міндетті.

60. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда белгіленген

тәртіпті бұза отырып, Қоғамның директорлар Кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

61. Егер аталған шешіммен қоғамның және (немесе) акционерлердің (барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционердің) құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылданған Қоғамның директорлар Кеңесінің шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

16 бап. Бас директор

62. Ағымдағы қызметке басшылықты жеке – дара атқарушы орган-Бас директор жүзеге асырады.

Бас директорды Қазақстан Республикасының заң актілерімен және осы Жарғымен қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционер сайлайды және қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Бас директор Барлық дауыс беретін акцияларға ие акционердің және директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер мәміле жасалған кезде Тараптар мұндай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, қоғам өзінің бас директоры өзі белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамдылығына дау айтуға құқылы.

Бас директор атқарушы орган басшысының немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның, басқа заңды тұлғаның қызметін атқаруға құқығы жоқ.

Бас директордың функциялары, құқықтары мен міндеттері заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ аталған тұлғаның қоғаммен жасасатын жеке еңбек шартымен айқындалады. Қоғамның атынан бас директормен жеке еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін акционердің шешімімен осыған уәкілеттік берілген тұлға қол қояды.

63. Бас директор:

1) қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына ие акционердің Директорлар кеңесінің шешімдерін, жылдық қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарын, сондай-ақ Қоғамның Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындауды ұйымдастырады;

2) қоғамның даму стратегиясын, даму жоспарын, бюджетін іске асыруды жүзеге асырады;

3) барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын шешімдерді қоспағанда, кез келген мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдайды;

4) қоғамның ішкі рәсімдерін, оның ішінде тәуекелдерді басқару бойынша қолдануды жүзеге асырады, қоғамның ішкі құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған тәуекелдерді басқару бойынша Қоғамның ішкі рәсімдерін бекітеді,

16

сондай-ақ Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесі туралы және қоғамдағы ішкі бақылау жүйесі туралы хабарлайды;

5) Директорлар кеңесі және акционер бекітетін, қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін құжаттарға жатпайтын, қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

6) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті, оның ішінде қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын бақылау мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады;

7) Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен Қоғам қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) және қоғамның ұйымдық құрылымын ескере отырып, қоғамның штат кестесін бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес ішкі (қызметтік) ақпараттың қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз етеді және ақпараттың ашылуына жауапты болады;

9) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

10) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

11) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін және корпоративтік хатшысын қоспағанда, қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

12) қоғамның қызметкерлерімен, соның ішінде Директорлар кеңесінің тапсырысы бойынша Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен және корпоративтік хатшымен еңбек шарттарын жасайды және бұзады;

13) қоғам орынбасарларының үміткерлерін және бас есепшіні жұмысқа қабылдаудың алдында жазбаша Директорлар кеңесінің төрағасымен келіседі.

14) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды өз орынбасарларының біріне жүктейді;

15) өзара және өз орынбасарларының міндеттерін, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, барлық дауыс беруші акцияларға ие Акционердің шешімімен және Директорлар кеңесімен анықталған басқа да функцияларды жүзеге асады.

Бас директордың шетелдік іссапарлары Директорлар Кеңесі төрағасының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

16

17 бап. Ішкі аудит қызметі

64. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, Корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және қоғам қызметін жетілдіру саласында консультация беру саласындағы бағалау үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Ішкі аудит қызметінің құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттармен анықталады.

65. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, оның ішінде оның басшысы Директорлар кеңесінің шешімі бойынша сайланады және өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады.

66. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сәйкес атмайды.

67. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

68. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын Директорлар кеңесі айқындайды.

18 бап. Корпоративтік хатшы

69. Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын қоғамның қызметкері болып табылады.

70. Корпоративтік хатшы:

1) қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын қамтамасыз етеді;

2) қоғамның корпоративтік басқару саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері мен нормаларын, қоғамның ережелерін, Жарғысын және өзге де ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз етеді;

3) Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының дайындалуына және өткізілуіне бақылауды жүзеге асырады;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қатыптастыруды, оларға қол жетімділікті бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты ақпаратты уақытылы алуын қамтамасыз етеді; қоғам органдары арасында тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді;

6) Компанияның Директорлар кеңесі мүшелері мен Бас директор үшін басқарудың барлық мәселелері бойынша кеңесшінің функцияларын орындайды;

7) қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты жинауды, мониторингті жүзеге асырады және оны уәкілетті органдарға жібереді.

8) Заңмен, Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

71. Қоғамның Корпоративтік хатшысының мәртебесі, функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қоғамның корпоративтік хатшы туралы ережесімен, қоғамның басқа ішкі құжаттарымен айқындалады.

14

19 бап. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің қағидаттары

72. Директорлар кеңесінің мүшелері және Бас директор Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады.

73. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және қоғам мен оның акционерлерінің мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдаланады;

2) қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе оның осы Жарғыға, барлық табыс беретін акцияларды иеленетін акционердің және директорлар Кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсатта пайдаланбауға және өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде теріс пайдалануға жол бермеуге тиіс.;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін бақылайды;

5) Егер қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде қоғамда жұмыс істейтін сәттен бастап үш жыл ішінде сақтауға міндетті.

